

Рамазанова Айдана Жолдасқызы

aidana.zholdasovna@gmail.com

«Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, қауымд.профессор, PhD доктор – Қазиев Қ.О.

Адам – бұл, бір жағынан, биологиялық құбылыс, саналы жан иесі ретінде қоршаған ортаны танып, оны белсенді түрде өзгертуге қабілетті тіршілік иесі. Адамның жоғары ұйымдасқан жануар ретінде ерекшеліктері – оның тік жүру қабілеті, қолдың күрделі қозғалыстарды орындау үшін дамуы және ерекше дамыған миы. Бұл физиологиялық сипаттамалар адамды басқа тіршілік иелерінен айрықша етеді және оның танымдық, еңбек әрекеттерін жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Алайда, адам тек биологиялық болмыс қана емес, ол – ең алдымен қоғамдық құбылыс. Қоғамдық орта, ұжымдық еңбек, әлеуметтік қатынастар адамның биологиялық табиғатын өзгертіп, оны мәдени және тарихи даму үдерісіне енгізеді. Сондықтан адам туралы сөз қозғағанда, психология мен философия ғылымдары "жеке тұлға" ұғымын қолданады.

Жеке тұлға – адамның әлеуметтік аспектісін сипаттайтын ұғым. Бұл жағдайда зерттеушілер оның табиғи-биологиялық жағын ескермей, оны қоғамдық дамудың белсенді субъектісі ретінде қарастырады. Жеке тұлға әлеуметтік қатынастар жүйесінде қалыптасып, қоғамның түрлі рөлдерін атқарады. Әлеуметтік психология мен педагогика тұрғысынан алғанда, **жеке тұлғаның дамуында тәрбиенің, әлеуметтенудің және білімнің рөлі ерекше маңызды.**

Сонымен қатар, психологияда "жеке тұлға" және "адам" ұғымдарымен қатар "даралық" ұғымы да қолданылады. Даралық – әр адамның өзіндік психологиялық ерекшеліктерінің қайталанбас үйлесімі. Яғни, әрбір адамның өмірлік тәжірибесі, мінезі, қабілеттері бірегей сипатқа ие. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, тіпті егіздердің өзі бірдей ортада тәрбиеленсе де, жеке тұлғалық айырмашылықтарға ие болады. Сондықтан, психологияда даралық мәселесі жеке тұлғаның өзіндік даму жолын зерттеуге бағытталған.

Жеке тұлға – тек философия, тарих, социология, этика, эстетика, педагогика сияқты қоғамдық ғылымдардың ғана емес, сонымен қатар психологияның негізгі зерттеу нысаны. Психология жеке тұлғаның рухани бейнесін, мінез-құлық ерекшеліктерін, мотивациясын, эмоцияларын, қажеттіліктерін зерттей отырып, оның даму заңдылықтарын анықтайды. Жеке тұлғаның негізгі үш ерекшелігін атап өткен жөн:

Қасиеттер тұрақтылығы. Жеке тұлғаның психикалық көріністері өзгермелі болғанымен, оның жалпы психологиялық келбеті салыстырмалы түрде тұрақты болып қалады. Бұл тұрақтылық адамның өзіндік болмысын сақтауға және оның мінез-құлқының болжамдылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Жеке тұлға бірлігі. Жеке тұлғаның психикалық үрдістері, эмоциялық күйлері және мінез-құлық ерекшеліктері бір-бірімен тығыз байланыста. Мысалы, табандылық мақсатқа жету ептілігі ретінде моральдық құндылықтармен және әлеуметтік жауапкершілікпен үйлескенде ғана жағымды сипатқа ие болады. Сондықтан жеке тұлға "бөліктерге" бөлініп қалыптаспайды, ол тұтас күйінде дамиды.

Белсенділік. Жеке тұлға қоршаған ортаны өзгертуде белсенді рөл атқарады. Бұл белсенділік адамның танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Заманауи психологиялық зерттеулер жеке тұлғаның белсенділігі мотивация, қызығушылық және ішкі құндылықтар жүйесі арқылы реттелетінін көрсетеді.

Психология жеке тұлғаның мінез-құлқын зерттеу арқылы оның даму жолдарын анықтауға көмектеседі. Бұл ғылым жеке тұлғаның қалыптасуында ішкі (генетикалық, темперамент, жүйке жүйесінің ерекшеліктері) және сыртқы (қоғамдық орта, тәрбие,

элеуметтік байланыстар) факторлардың өзара әрекетін талдайды. Осы тұрғыда, адамның элеуметтік-психологиялық дамуы оның өмірлік жағдайлары мен тәрбиелік ықпалдарға тәуелді.

Оқушы тұлғасының қалыптасуы биогенетикалық және социогенетикалық факторлардың өзара әрекеттесуіне негізделеді. Биогенетикалық теория жеке тұлғаның дамуын тұқым қуалаушылыққа тәуелді деп түсіндірсе, социогенетикалық көзқарас жеке тұлғаның қалыптасуын қоршаған ортаның ықпалына жатқызады. Алайда бұл екі бағыттың да біржақты тұжырымдары жеткіліксіз, себебі оқушының дамуындағы басты қозғаушы күш – оның өз белсенділігі мен ішкі қажеттіліктері болып табылады.

Ортаның рөлі, әсіресе, білім беру процесінде айқын көрінеді. Мектептегі психологиялық ахуал, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас, сыныптағы элеуметтік динамика – бәрі де оқушының тұлғалық дамуына әсер етеді. Психологиялық зерттеулер көрсеткендей, оқушылар бірдей ортада тәрбиеленсе де, олардың мінез-құлқы мен даму ерекшеліктері әртүрлі болады. Бұл олардың жеке тәжірибесіне, элеуметтік өзара әрекеттесуіне және өзіндік белсенділігіне байланысты.

Бір жұмыртқалы егіздерге жүргізілген зерттеулер де ортаның рөлін айқын көрсетеді. Генетикалық тұрғыдан бірдей адамдар да әртүрлі ортада немесе әртүрлі элеуметтік өзара әрекеттесулер барысында тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мысалы, егіздердің біреуі тұйық, ал екіншісі көпшіл болуы мүмкін. Мұндай айырмашылықтар олардың нақты элеуметтік рөліне, қоршаған ортадағы жеке тәжірибесіне байланысты.

Осылайша, оқушы тұлғасының қалыптасуында орта шешуші факторлардың бірі болып табылады. Бірақ оны жеке тұлғаның белсенділігін жоққа шығаратын пассивті фактор ретінде қарастыруға болмайды. Оқушы өз ортасымен өзара әрекеттесіп, оны өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар өзін де дамытады. Сондықтан білім беру мекемелері оқушылардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық орта құруға ерекше назар аударуы қажет. Қазіргі заманғы білім беру мен психология саласында жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы маңызды зерттеу нысанына айналып отыр. Қоғамдағы жылдам өзгерістер, элеуметтік ортаның күрделене түсуі, ақпараттық технологиялардың дамуы тұлғаның элеуметтенуіне, мінез-құлқының қалыптасуына және өзін-өзі жетілдіру үдерісіне тікелей ықпал етеді. Осыған байланысты, жеке тұлғаның биологиялық және элеуметтік факторлардың өзара әрекеттесу нәтижесінде дамуын зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Элеуметтік орта, тәрбие және білім беру үдерісі жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Адамның өзін-өзі тануы, элеуметтенуі және өзін-өзі дамыту қабілеті – оның қоғамдағы белсенділігі мен табысты бейімделуінің негізгі алғышарттарының бірі. Сондықтан жеке тұлғаның даму заңдылықтарын, оның тұрақтылығы мен белсенділігіне әсер ететін негізгі факторларды зерттеу маңызды ғылыми және тәжірибелік мәнге ие.

Оқушының тұлғалық дамуы түрлі элеуметтік орталардың ықпалымен жүзеге асады. Соның ішінде ең алғашқы әрі басты тәрбие беру ортасы – **отбасы**. Отбасы баланың дүниетанымы, мінез-құлқы, құндылықтары мен қарым-қатынасының негізін қалайтын маңызды орта болып табылады. Бала өміріндегі ата-ананың орны ерекше, өйткені олар тек қамқоршы ғана емес, сонымен бірге мінез-құлық пен құндылықтардың басты үлгісі. Сондықтан ата-ананың қолдауы мен тәрбиесі баланың мектептегі жетістіктеріне ғана емес, оның болашақ өміріне де айтарлықтай әсер етеді.

Отбасының оқушының тұлғалық дамуына ықпалын ескере отырып, білім беру жүйесінде ата-аналармен тығыз жұмыс жасау маңызды. Білім беру тәжірибесі жоғары дамыған елдерде ата-анамен серіктестік қағидаты оқушының жетістігіне оң әсер ететіні дәлелденген. Мәселен, Эстония, Ирландия және Жапония сынды білім беру саласында көшбасшы елдерде ата-ананың мектеппен байланысы үздіксіз дамытылып отырады. Білім беру жүйесінің табысты болуының 15 факторының ішінде ата-анамен жұмыс екінші орында тұрғаны жақында Атырау қаласында өткен *Atyrau Teachers Summit* іс-шарасында айтылды. Жалпы шараның тақырыбы да «Ата-ана мен мектептің мейірімді әлемі» болатын. Осы

тақырып талқыланып, ата-анамен жұмыстың маңыздылығы ерекше атап өтілді. Сондай-ақ Еуропалық ата-аналар ассоциациясының төрайымы Эстер Саламон ата-анамен тиімді жұмыс істеудің халықаралық тәжірибесімен бөлісіп, отбасы мен мектеп арасындағы серіктестіктің бала дамуына тигізетін ықпалы туралы айтты. Ол өз баяндамасында ата-ана мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайтуға бағытталған модельдерге тоқталды.

Мұндай серіктестікті дамытудың тиімді жолдарының бірі – *The Dual Capacity-Building Framework for Family-School Partnerships* моделі. Бұл модель мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту арқылы оқушылардың жетістігін арттыруға бағытталған.

Модельдің негізгі бағыттары:

1. *Мәселе (The Challenge)*: Көптеген мектептер мен ата-аналар арасында байланыс орнатуда кедергілер кездеседі. – Мұғалімдер мен ата-аналар тиімді серіктестік орнату үшін қажетті дағдылар мен ресурстарға ие болмауы мүмкін.
2. *Маңызды шарттар (Essential Conditions)*:
Процесс шарттары: өзара құрмет, оқуға бейім орта, серіктестікке бағытталған тәсіл.
Ұйымдастырушылық шарттар: жүйелілік, ресурстардың болуы, мектеп мәдениеті.
3. *Саясат және бағдарламалық мақсаттар (Policy and Program Goals)*: Ата-аналар мен мұғалімдердің білім беру үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
4. *Нәтижелер (Capacity Outcomes)*: Мұғалімдер мен ата-аналардың бірлесіп жұмыс істеуі арқылы оқушылардың жетістіктерін жақсарту.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің деңгейі бойынша саммитте "Family Involvement vs. Family Engagement" моделі де қарастырылды. Бұл модель ата-аналардың тек қатысушы рөлінде қалмай, оқу процесіне белсенді араласуының маңыздылығын көрсетеді.

Family Involvement (Қатысу): Мектеп ата-аналарға өз жоспарларын хабарлап, олардан қолдау күтеді. Ата-аналар тек қосымша көмекші рөлін атқарады.

Family Engagement (Белсенді араласу): Мектеп ата-аналардың пікірін тыңдап, оларды шешім қабылдау процесіне қатысуға ынталандырады. Ата-аналар мектептің серіктесі ретінде қарастырылады.

Мысалы, мектеп ата-аналарды тек жиналыстарға шақырып, оқушылардың жетістіктері туралы хабарлап отырса – бұл "қатысу" деңгейінде қалады. Ал егер ата-аналар оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар беріп, мектеп жобаларына белсенді атсалысса, бұл "белсенді араласу" болып есептеледі.

Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың сапасы оқушының тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Болашақ педагог-психолог ретінде мен үшін ата-аналармен жұмыстың маңыздылығы өте жоғары. Баланың мектептегі жетістіктері мен эмоционалдық жағдайы тек мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынасқа ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың да белсенді араласуына байланысты. Сондықтан ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату, оларды баланың оқу-тәрбие процесіне тарту – басты міндеттердің бірі.

Қарым-қатынастың түрлі аспектілерін қарастырған А.А. Брудный өз еңбектерінде оның негізгі функцияларын атап көрсетеді: активациялық (әрекетке түрткілеу), интердиктивті (тыйым салу, тежеу), дестабилизациялаушы (қоқан-лоққы, қорлау), инструменталды (іс-әрекетті үйлестіру), синдикативті (қауымдастық құру) және трансляциялық (білім мен құндылықтарды беру).

Мысалы, бұл функциялардың бірі – активациялық, яғни ата-ананы мектеп өміріне белсенді тарту және баланың дамуына қолдау көрсету. Мысалы, оқушылардың үздік жұмыстарын мектептің әлеуметтік желісінде жариялау немесе "Айдың үздік оқушысы" номинациясын тағайындау арқылы ата-аналардың балалардың жетістіктеріне деген қызығушылығын арттыруға болады. Сонымен қатар, мектеп ұйымдастыратын іс-шараларға ата-аналардың тікелей қатысуына мүмкіндік жасау, мысалы, ашық сабақтарға немесе пікірталас алаңдарына шақыру олардың оқу процесіне белсене араласуына ықпал етеді.

Баланың мінез-құлқын реттеуде интердиктивті функцияның маңызы зор. Бұл ата-аналарға тиімді тыйым салу әдістерін үйретуді, сондай-ақ шектен тыс жазалаудың кері әсерін

түсіндіруді қамтиды. Мысалы, кейбір ата-аналар баланы тәртіпке салу мақсатында қатаң жаза қолданса, оның нәтижесінде балада қорқыныш немесе сенімсіздік қалыптасуы мүмкін. Осыған байланысты мектеп психологтары мен мұғалімдер ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, «қатал, бірақ әділ» тәрбие принциптерін қолдануға кеңес береді.

Кейбір ата-аналар өздері байқамастан баламен қарым-қатынаста дестабилизациялаушы әдістерді қолдануы мүмкін, яғни қоқан-лоққы көрсету немесе қатал жазалау арқылы тәрбиелеуге тырысады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ата-аналарға дұрыс кері байланыс беру жолдарын үйрету қажет. Мысалы, «Баламен тиімді қарым-қатынас» тренингтері арқылы ата-аналар эмоцияларын басқару, баламен ашық сөйлесу және түсіністік таныту сияқты маңызды дағдыларды меңгере алады.

Инструменталды функция ата-аналардың мектеппен бірлесе отырып, баланың оқу процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Мысалы, ата-аналарға оқуға қолайлы орта жасау бойынша кеңестер беру, балалардың күн тәртібін қалыптастыруға жәрдемдесу немесе үй тапсырмасын орындауда қолдау көрсету сияқты әрекеттер мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтады. Бұған қоса, ата-аналар мен мұғалімдер арасында тиімді коммуникация орнату үшін арнайы платформалар, мысалы, WhatsApp топтары немесе мектептің онлайн-жүйесін пайдалану ата-аналармен кері байланыс орнатудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Синдикативті функция, яғни қауымдастық құру арқылы ата-аналардың ынтымақтастығын арттыруға болады. Мектеп ішінде ата-аналар клубтарын құру немесе пікірталас алаңдарын ұйымдастыру олардың өзара тәжірибе алмасуына ықпал етеді. Мысалы, "Табысты ата-аналар тәжірибесі" атты кездесулер ұйымдастырылып, онда ата-аналар баланы оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістері туралы пікір алмасып, бір-біріне қолдау көрсете алады.

Трансляциялық функция білім мен құндылықтарды берумен байланысты. Балалар үшін мектеп пен отбасы арасындағы сабақтастық өте маңызды. Мысалы, ата-аналарға "Баланың оқу мотивациясын қалай арттыруға болады?" тақырыбында семинар өткізу арқылы олардың өз балаларын қолдау мүмкіндіктерін кеңейтуге болады. Сонымен қатар, ата-аналар мектеппен тығыз байланыста болған кезде, бала тәрбиесінде біртұтас көзқарас қалыптасады.

Қарым-қатынас және әлеуметтік-психологиялық ахуал оқушы тұлғасының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Мысалы, оқушы өзін қолдаушы ортада сезінсе, оның өзіне деген сенімділігі артып, оқу үлгерімі жақсарады. Бұл тұрғыда мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік баланың жан-жақты дамуына негіз болады.

Ортаның оқушыға ықпалы тек білім беру үдерісімен шектелмейді, сонымен қатар оның эмоционалдық, когнитивтік және әлеуметтік дамуына әсер етеді. Ата-аналар, мұғалімдер және құрдастар арасындағы қарым-қатынас үлгілері оқушының мінез-құлқына, құндылық бағдарларына және өзін-өзі бағалауына ықпал етеді. Сондықтан мектеп ортасын қауіпсіз, қолдаушы және ынталандырушы ету маңызды.

Оқушының үйлесімді дамуы үшін тек академиялық білім жеткіліксіз. Оның эмоциялық тұрақтылығы, әлеуметтік бейімделуі және өзін-өзі дамыту қабілеттерін жетілдіру үшін жан-жақты жағдай жасалуы керек. Бұл үшін ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату, мектеп ішіндегі психологиялық ахуалды жақсарту, оқушылардың шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беру қажет.

Болашақта зерттеуді қажет ететін бағыттардың бірі – мектептегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсартудың нақты әдістерін тәжірибелік тұрғыда зерттеу. Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынастың тиімділігін арттыру, оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және инклюзивті білім беру жүйесінің психологиялық аспектілерін тереңірек талдау – болашақ зерттеулер үшін маңызды мәселелердің бірі болып қала береді.

Отбасы – баланың ең алғашқы әлеуметтік ортасы, ал мектеп – оның тұлғалық дамуын жетілдіретін негізгі институт. Сондықтан мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті күшейту – оқушының жан-жақты дамуына әсер ететін маңызды фактор. Бүгінгі таңда әлемдік тәжірибе ата-аналардың білім беру процесіне белсенді қатысуының маңыздылығын көрсетіп отыр. Осы орайда, ата-аналар мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайтуға бағытталған

саясаттар мен бағдарламалар жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет. Бұл оқушының үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдай жасап, оның болашақта табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, жүргізілген зерттеу нәтижелері білім беру мекемесіндегі әлеуметтік- психологиялық ахуалдың оқушылардың тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Оқушылардың өзіндік бағалауы, эмоционалдық жай-күйі және мотивациялық деңгейі мектептегі психологиялық климатпен тікелей байланысты. Жағымды әлеуметтік- психологиялық орта қалыптастыру – білім беру үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осыған байланысты мектеп ұжымының, ата-аналардың және оқушылардың өзара әрекеттестігін үйлестіріп, қолайлы ахуал қалыптастыру маңызды. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесінің тиімділігін арттыру үшін оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған психологиялық тренингтер ұйымдастыру, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенімді қарым-қатынасты дамытуға ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, ата-аналармен тығыз байланыс орнату арқылы білім беру мекемесіндегі әлеуметтік қолдауды күшейту маңызды. Оқушылардың эмоционалдық әл- ауқатын тұрақты бақылап, қажет болған жағдайда психологиялық қолдау көрсету де мектептің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы мектептегі әлеуметтік- психологиялық ахуалды жақсартып, оқушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға болады. Бұл өз кезегінде олардың академиялық жетістіктеріне, өзін-өзі дамытуына және болашақта қоғамда өз орнын табуына оң ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейталиев Қ., Жалпы психология: оқу құралы. – Алматы, 2007, 92-95 б.
2. Зимняя И. А., Педагогикалық психология. Алматы, 2005, 367 б.
3. Әбенбаев С., Әбиев Ж., Педагогика. Астана, 2009, 136-143 б.
4. Дьяченко М.И, Психологический словарь-справочник, М., 2007, 33-34 б.
5. Брудный А.А., Психологическая герменевтика, М., 2005, 336 б.